**Тексерілді:** 15.09.25

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары**

**Махметова М.Б**

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы «Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін»КММ**

**Топ\сынып Мектепалды даярлық О «а» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі 3-Апта 15-19 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы**

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Жасампаздық және жаңашылдық

**Құндылық айы:**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,Кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:Балаларды сабаққа уақытысында әкелу, сабақтан қалдырмауды ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балалрдың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» | **Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту.** | **Ата –аналармен әңгіме:** Балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейірімді болуға баулу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жай бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу *Осылай бола ма?* *Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. | Сурет салу. «Күз» Күз бейнесін салу арқылы жылдың төрт мезгілімен танысып қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), | беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру | *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю | Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жылулық сәті:<br>«Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Жылулық сәті:<br>Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Бик ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | Жылулық сәті:<br>«Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | Жылулық сәті:<br>«Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | Жылулық сәті:<br>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Білім беру ұйымыныңкестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 4 саны және цифры<br><br>**Мақсаты:** 4 саны мен цифрын таныстыру, оқып, жаза білуге үйрету; 4 санының сан қатарындағы орнын (3-тен кейін, 5-тің алдында) анықтау; 4 затты санау, топтау және салыстыру дағдыларын дамыту.<br><br>**Күтілетін нәтеже:** 4 саны мен цифрын танып, дұрыс атай және жаза алады;<br><br>**Дидактикалық тапсырмалар:**<br><br>**"4 саны қайда жасырынып тұр?"**<br><br>**Мақсаты:** | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі, -өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту, күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кім алғыр?**<br>Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.<br>Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:**Мен 5ке дейін санаймын<br><br>**Мақсаты:**Балалардың 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы түсініктерін қалыптастыру, заттарды санау арқылы сандардың реттік және сандық мәнін ажыратуға үйрету, математикалық ойлау мен зейінді дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:**Заттар мен сандардың сәйкестігін таба алады (мысалы: 5 ойыншық – цифр 5);<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**"Сандар | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**дауысты дыбыстар<br>**.Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауысты дыбыстарды білу<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Зейінді бол**<br>Мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.<br>Қажетті құралдар: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.<br>Ойын барысы: Балаларға | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстарды бекіту.<br>**Мақсаты**:- сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.<br>Дауысты ,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**:дыбыстарды екіге бөлінетінін және мағыналарын түсіндіру.<br>1-тапсырма.Суреттердің атындағы дауысты дыбыстарды ата.<br><br>2-тапсырма. Дауысты дыбыстан басталатын суреттерді белгіле.<br>«Карточкалар»<br><br>3-тапсырма. Тыңда орында. Саусақтарды қайшылап, Қағаздарды қиямыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зейінді және байқағыштық қабілетті дамыту.<br><br>**Тапсырма:**<br>Балаларға сандардың қатары көрсетіледі (1, 2, 4, 3, 5, 4, 6).<br>Мұғалім айтады:<br>– 4 саны бар жерді көрсет.<br>– Қай сандардың арасында орналасқан?<br><br>**«4 санының пішінін сал»**<br><br>**Мақсаты:**<br>4 цифрын жазу және бейнелеу дағдыларын дамыту.<br><br>**Тапсырма:**<br>Мұғалім үлгі ретінде 4 цифрын көрсетеді.<br>Балалар ауада саусақпен, содан кейін дәптерде немесе құм үстінде жазады. | метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда» :<br>-Аюды ал және мәшинеге отырғыз.<br>-Аюды мәшиненің ішінен ал.<br>-Мәшинеге қуыршақты отырғыз.<br>-Қуыршақты мәшинемен қыдырт.<br>Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.<br>Тапсырма: Күз мезгілінде қандай жағдайлар орын алады. Әңгімеле.<br><br><br>Тапсырма: сатып алуға болатын заттарды көк, сатып алуға болмайтын заттарды қызыл түспен белгіле.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма.<br>Күз мезгілін сипатта.<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жасыл ағаштар қандай түске боялады?<br>-Күзде пісетін қандай жеміс түрлерін білесіңдер?<br><br>Тапсырма: Күзгі киім.<br>Ұяшықтардағы суретте адамдар жылдың әр мезгілінде киетін киімдер бір-бірімен қиылысып бейнеленген. Мұғалім баладан қандай киім киетінін сұрайды, күзгі киімдерді тауып, үлгі бойынша айтуды сұрайды *(Күзде жүннен жасалған қалпақ, резеңке етік немесе етік, күртеше киемін).* Мұғалім бұл киімнің күзде не үшін киілетінін түсіндіреді. | пойызы"<br>Мақсаты:<br>1–5 сандарын бекіту, санның реті мен мөлшерін ажырату.<br>Қажетті құралдар:<br>Пойыздың суреті және нөмірленген вагондар (1, 2, 3, 4, 5),<br>әр вагонға арналған суреттер (1 алма, 2 шар, 3 гүл, 4 қарындаш, 5 кітап).<br>Ойын барысы:<br><br>Мұғалім балаларға пойыздың суретін көрсетеді.<br><br>Вагондар араласып жатады. Балалар әр вагонды дұрыс ретімен орналастырады.<br><br>Әр вагонға сәйкес суретті орналастырады (1 алма — 1 вагон, 2 шар — 2 вагон т.б.).<br><br>Соңында бәрі бірге хормен сандарды айтып шығады:<br>Бір, екі, үш, төрт, бес! —<br>Санау бізге оңай дес! | биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.<br><br>**1-тапсырма.** Суреттегі заттарды атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата.<br><br>**2-тапсырма.** Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле.<br><br>3-тапсырма. Тыңда, орында.<br>Саусақтарды қайшылап,<br>Қағаздарды қиямыз.<br>Қиып- қиып аламыз,<br>Біз көңілді баламыз.<br><br>4-тапсырма: Үзік сызықтарды бастыр.<br><br>5-тапсырма: Үзбей сызып шық<br> | Қиып- қиып аламыз.<br>Біз көінлді баламыз.<br><br>4-тапсырма. Үзік сызықтарды бастыр. |
| **Үзіліс :Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |

**БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**

«Қуырмаш»

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Бас бармақ,
Балан үйрек,
Ортан терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр – қойыңа бар!
Сен тұр – жылқыңа бар!
Сен тұр – ешкіңе бар!
Сен тұр – сиырыңа бар!
Сен тұр – түйеңе бар!
Ал сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап, үйде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар.
Мына жерде қатық бар,
Қытық, қытық!





**Ойын: «Алыптар мен ергежейлілер»**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Арнайы сызықпен қоршаған ойын алаңында балалар жүгіріп ойнап жүреді. “Алыптар” мен “қуғыншымын” қолын жоғары көтереді де өзіне ең жақын жүрген ойыншыны қуа жөнеледі, “ергежейлілер” жүгіреді.

**Ұсыныс:** Егер қуып жетсе, екеуі орын ауыстырып, жаңа қуғыншы, ойынды әрі қарай жалғастырады

| | 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауысты дыбыстар.<br>**Мақсаты:**сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру.<br>**Күтілетін нәтиже**: дауысты дыбыстарды ажырата білу, сөз құрау.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Білім алушылардың шығарма- шылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу<br>**Апта дәйексөзі:** «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br>**1-тапсырма.** Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл үйге орналастыр.<br>**2-тапсырма.** Өлеңді тыңда. Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады?<br>Күлімдеген көзіңнен<br>Күн мейірімі сезілген.<br>Бұл жалғанда балаға | **Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:**Мен 5ке дейін санаймын<br><br>**Мақсаты:**Балалардың 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>заттарды санау арқылы сандардың реттік және сандық мәнін ажыратуға үйрету,<br>математикалық ойлау мен зейінді дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:**Заттар мен сандардың сәйкестігін таба алады (мысалы: 5 ойыншық – цифр 5);<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**“Сандар пойызы”<br>Мақсаты:<br>1–5 сандарын бекіту, санның реті мен мөлшерін ажырату.<br>Қажетті құралдар:<br>Пойыздың суреті және нөмірленген вагондар (1, 2, 3, 4, 5),<br>әр вагонға арналған суреттер (1 алма, 2 шар, 3 гүл, 4 қарындаш, 5 кітап).<br>Ойын барысы:<br><br>Мұғалім балаларға пойыздың суретін көрсетеді.<br><br>Вагондар араласып жатады. Балалар әр вагонды дұрыс ретімен | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Күз бояуы<br>**Мақсаты:** -балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесі,-өлең тыңдау арқылы әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту,күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі болатын жағдайды әңгімелей алады.<br>**Дидактикалық тапсырма:**<br>**Бип, бип, пыш**<br>Мақсаты: Еліктеу бойынша дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.<br>Қажетті құралдар: Паравоздың суреті.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші өлеңді оқиды, ал балалар бірінен соң бірі тізбектеліп паравоздың қимылын жасайды. Сосын еліктеу сөздерін қайталап айтады.<br>Бип, бип, пыш.<br>Мен паравоз алам.<br>Саяхатқа бет алам,<br>Бірте-бірте тездейміз,<br>Тез жетуді көздейміз.<br>Бип, бип, пыш.<br>Көп қаладан өтеміз.<br>Қызықтарға жетеміз,<br>Бип, бип, пыш.<br>Гук пыш,<br>Гук, пыш паравоз.<br>Мықты болсаң басып оз,<br>Қызық болды кеп қалдық,<br>Енді жайлап тоқтаймыз,<br>Бип, бух, пыш.<br>Балалардың сөз тіркестерін дұрыс айтуын қадағалау.<br><br>Тапсырма: Жеке тапсырма:<br>Күз мезгілін бояп түс береміз. | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Алтын күз.<br>Менің сүйікті ойыншығым.<br>**Мақсаты:** -күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және колдануды үйрету;<br>-жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** күз мезгіліндегі ауа райында болатын құбылыстарды білу<br>1-тапсырма.Суретке қарап, сөйлем құра. Күзде қандай өзгерістер болады? Ата.<br><br>2-тапсырма. Жаттап ал.<br>Алтын, сары, қызыл, көк-<br>Алуан- алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады.<br><br>1-тапсырма. Өзіннің сүйікті ойыншығыңның суретін сал. Қысқа мәтін құра.<br><br>**Менің сүйікті ойыншығым.**<br><br>2-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>3-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Біздің ойыншықтарымыз- наши игрушки<br>Ойын бұрышы- игровой уголок<br>Таза- чистый | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау,қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану,еңбек дағдыларын дамыту,--ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**Дидактиалық/ойын**<br>**Немен ойнап отырмын, тапшы?**<br>Мақсаты: Тұрақты есту қабілетін дамыту, дыбысталуы бойынша аспаптарды айыра білу.<br>Қажетті құралдар: Дабыл, сылдырмақ, сырнай және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балаға кезекпен музыкалық аспаптарды көрсетіп, олардың атауларын нақтылайды және олардың дыбысталуымен таныстырады. Тәрбиеші балалардың аспаптар атауларын ұғып және дыбысталуын есте сақтағанына көз жеткізгеннен кейін, аспаптарды қалқаның артына жинайды. Онда тәрбиеші әртүрлі аспаптарда ойнауды жалғастырады, ал бала дыбысы бойынша анықтайды.<br><br>Қайталау: Ертегі мазмұнын есіне түсіріп қайталайды.<br><br>**2-тапсырма.** Суреттегі заттарды ата. Шаруаның құралын қоршап сыз.<br><br>**3-тапсырма.** Жұмбақты шеш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақын жан жоқ өзіңнен.<br>(Ә.Дүйсенбиев)<br>3-тапсырма. Тыңда, орында.<br>Екі үйрек келеді,<br>Бірін бірі көреді.<br>Бір біріне карайды,<br>Сәлемдесіп алады.<br>4-тапсырма. Жеке жұмыс<br>Үзік сызықтарды бастыру<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view3918471 | орналастырады.<br><br>Әр вагонға сәйкес суретті орналастырады (1 алма — 1 вагон, 2 шар — 2 вагон т.б.).<br><br>Соңында бәрі бірге хормен сандарды айтып шығады:<br>Бір, екі, үш, төрт, бес! —<br>Санау бізге оңай дес! | <br>Тапсырма: "Сөз-қимыл".<br>Мұғалім балаға "сөз-қимыл" нені білдіретінін еске салады.<br>Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Бала сөйлемдер құрастырады, ересек адам оның назарын іс-қимыл сөздеріне аударады *(Жаңбыр жауады, жаңбыр жауады, тамшылайды).* | | <br>Мұғалім балаларға жұмбақ жасырады:<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады.<br>Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. Ол не? |
| **Үзіліс: күй күмбірі: Жүгіруге арналған ойындар «Күн мен жаңбыр»** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тілді жаттықтыратын тақпақ**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсысының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | |    | | **Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**<br>**Қысқыштармен ойналатын ойын**<br>**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.<br>**«Жаңғақтармен ойын »**<br>**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды. | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Бадминтон, футбол<br>**Мақсаты:**<br>-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** ойын барысында ойынның шартын біледі<br>**Доппен ойнау**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Мектеп қызметкерлері. Менің ойыншықтарым<br>**Мақсаты:** -мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету;<br>сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>мектепте кімдер жұмыс атқарады,сол адамдарды құрметтеп сәлем беруді ұмытпау<br>**Тапсырма.** Мектеп қызметкері дегеніміз кімдер? | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрену,-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту,<br>-ертегі арқылы балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Не істеу керек, табамыз**<br>Мақсаты: Есту зейінін жұмылдыра білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.<br>Қажетті құралдар: Сылдырмақ, екі жалауша. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері: жаз, күз, қыс, көктем. Белгілері.<br>**Мақсаты:** -балалардың нанның дастарханға келлу жолы туралы түсініктерін жетілдіру;-танымдық-ізденістік жұмыстарға талпынысын күшейту;<br>**Күтілетін нәтиже:** жыл мезгілдерді ажырата алады<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Өз үйінді тап**<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.<br>Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Күзгі орманда<br>**Мақсаты:** -қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту,-азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.<br>**Күтілетін нәтиже:** орманда күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын әңгімелесу барысында білу.<br><br>**Ойын шарты:**<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту. Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы 2-нұсқа: Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген бұйрық бойынша доп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br><br>**Тапсырма .** Футбол ойынындағы ойын шарттарын білесің бе? | <br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Сиқырлы суреттер**<br>Максаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөліндідері.<br>Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөліндідерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>1-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.<br>-Мынау кім?<br>-Ол не істейді?<br><br>Жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші- воспаитатель<br>Меңгеруші- заведующий<br>Аспаз- повар<br>Дәрігер- врач<br><br>**Менің ойыншықтарым**<br>1-тапсырма: Ойыншықтарды ата. Өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br><br>2-тапсырма: Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата.<br>Аю, қасқыр, жолбарыс,<br>Арыстан мен піл, барыс-<br>Ойыншықтар, тұрыңдар,<br>Ойын- сауық құрыңдар. | Ойын барысы: Баланың қолында екі жалауша бар, егер тәрбиеші сылдырмақты қатты сылдырлатса,онда бала жалаушаларды жоғары көтереді және бұлғайды. Егер сылдырмақ ақырын сылдырласа, онда жалаушаларды төмен түсіреді. Мұнда балалардың дұрыс тұруын және қозғалыстарының дәл орындалуын қадағалау маңызды.Бала жаттығуды жеңіл орындау үшін, сылдырмақтың қатты және ақырын дыбысталуын кемінде 4 рет алмастыру қажет.<br><br>**1-тапсырма.** Суретте қай ертегі бейнеленген? Шаруа аюға не айтып тұр? Ойынды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.<br><br><br>Тапсырма. Ертегі мазмұнымен толық танысады. | таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылжам тауып, тұра қалу.<br>Тапсырма<br>Жыл мезгілдерін ата.<br><br><br>Тапсырма. Жыл мезгілінде болып тұратын құбылыстарды атап бер.<br><br><br>Тапсырма. Қазір қандай жыл мезгілі? Бұл жыл мезгілі саған ұнайды ма? Неге?<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br><br> | сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br> |

| Тілді дамыту тақпақтар | Үзіліс- күй күмбірі: Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар | |
|---|---|---|
| Топ, топ, добым.<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Бір, екі деп екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің.<br>Үш, төрт, бес деп үлгердім,<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз дегенде,<br>Сайға сырғып жөнелдің.<br>Топ, топ, добым домалақ.<br>Қайда кеттің домалап | <br>  | **Ойын: «Тығылыспақ»**<br>**Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту**<br>**Жасы: 5-6 жас аралығы**<br>**Қажетті заттар:**<br>**Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .......(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.** |

| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:**Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?<br>**Мақсаты:** -саңырауқұлақтың кейбір жеугте жарамды және улы түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>-балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрену.<br>**Күтілетін нәтиже:** саңырау құлақтың суретін сала отырып адамға қандай дәрумен беретнін білу<br>**Сыңғыр - сыңғыр**<br>Мақсаты: Кеңістікте бағдарлану, дыбыс бағытын анықтай білу, есту қабілетін бағыттауды дамыту.<br>Қажетті құралдар: Қоңырау.<br>Ойын барысы: Бала көзін жұмады, ал тәрбиеші тым-тырыс оның жанына (сол, оң, артынан) келіп қоңырауды сылдырлатады. Бала көзін ашпай дыбыстың, қайдан шыққан бағытын анықтауы қажет. Егер бала қателессе, онда тағы шешеді. Ойынды 4 – 5рет қайталайды. Баланың көзін ашпауын қадағалау керек. Бала дыбыс қайдан шықты, сол жерге бетімен бұрылып, дыбыстың бағытын көрсете білуі керек. Қоңырауды баяу сылдырлату керек.<br>Суретті боя. Жеке жұмыс. | **Музыка**<br>**Тықырыбы:**:Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**Күтілетін нәтиже:** адам миына жағымды музыкалар тыңдай отырып көңілді жүру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев),<br>«Полька» (М. Красев),<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:** «Жұптасу биі» (чех халық әуені) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Ұлттық ойындар (таза ауада)<br>**Мақсаты:**-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,комуникативтік құзіреттіліктерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** ұлтық ойындардың атын және шарттарын білу.<br>**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары:** Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру<br>**Құндылықтар:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>**Қауіпсіздігі:** жол қозғалысы ережелерін жеке қауіпсіздігін, сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.<br>**Апта дәйексөзі:**<br>«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы<br><br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. | **Музыка**<br>**Тақырыбы:**Көңілді ырғақтар.<br>**Мақсаты:** -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;<br>-шығармалардың эмоциялық мазмұнын,олардың сипатын,көңіл күйін ажырату;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әркеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту;<br>-көңілді әуенге қызығушылықтарын ояту<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ. Шілдебаев),<br>«Полька» (М. Красев),<br>«Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту:** «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев)<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Биімді қайтала» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен)<br>**Билер:**<br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?» (А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Ұшақ<br>**Мақсаты:** -құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету;<br>-ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту;<br>-өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** әр оқушыға өзі тұратын көшенің үйлерін біле отырып нешінші үйде тұратынын айта білу.<br><br>Тапсырма. Қағаз бен қайшымен жұмыс жасағанда ескерілетін қауіпсіздік шараларын түсіндіреді.<br><br>Тапсырма. Жай ақ қағаздан немесе түрлі түсті қағаздан, не конструктордан ұшақ құрастырады.<br><br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Ұшақ бояп шық. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>1-тапсырма. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды жасыл, жеуге жарамсыздарын қызыл карандашпен қорша. Жеуге жарамды саңырауқұлақтарды ата.<br><br>2-тапсырма. Суретте қандау саңырауқұлақтар жасырынып тұр? Оларды санай аласың ба?<br><br>3-тапсырма. Фотосуреттерді қара. Бұларды неліктен орман жидектері деп атайды? Ойлан. Оларды жеп көрдің ба? Дәмі қандай?<br><br>Есіңе сақта!<br>Барлық жидектерді жеуге болмайды. Бөрікарақат пен қарғакөз- улы жидектер.<br><br>Сен білесің бе!<br>Жидектер жарықты, ал саңырауқұлақтар жарықты да, көлеңкені де жақсы көреді. | **Ойындар, хороводтар:**<br>«Ән салған кім?»<br>(А. Райымқұлова)<br>**Музыкалық аспапта ойнау:**<br>«Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | <br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді |   | <br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар**

| | | |
|---|---|---|
| Тіл жаттығулары:<br>*Ар-араар*<br>Санамақтар.<br><br>Бессаусақ.<br>Ал санайық санамақ,<br>Саусақтарға қарап ап,<br>Кәне-кәне санайық,<br>Санын біліп алайық.<br>Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,<br>Қолымда сонда саусағым нешеу?<br>Мынау, мынау, бас бармақ,<br>Санамақ содан басталмақ.<br>Мүйіз қалпақ басында,<br>Төрт серігі қасында. |    | Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйгеқайтару**<br><br>**«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасаукажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Мектепке дейінгі тәрбиешісі:Шахманова К.А**